

Бекітемін:

Директор  А.Абдуалиев

« 01 » қазап 2025 ж.

**«Жамбыл атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық филармониясы»  
РМҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарты**

Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен әдістемелік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу жөніндегі ұсынымдарға сәйкес әзірленді және ұсынымдық сипатта болады.

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеуші «Жамбыл атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық филармониясы» РМҚК болып табылады
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласы үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеуге бағытталған.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу міндеттері:
  - қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласында жұмыс істейтін адамдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру;
  - сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидаттары:
  - заңдылық;
  - транспаренттілік;
  - этикалық;
  - жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;
  - мүдделер қақтығысын болдырмау.
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт мәдениет саласында жұмыс істейтін адамдар үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған ұсынымдарды айқындайды.
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізінде өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу тұрғысынан лауазымдық міндеттерді орындау бойынша тікелей іс-қимылдар қаланды.

## 2. Жамбыл атындағы Филармонияда жұмыс істейтін адамдардың мінез-құлқының (іс-қимылының) стандарттары (ұсынымдары)

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алу;
- Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарау;
- адал, әділ, қарапайым болу, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынаста жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтау, сыпайылық пен әдептілік таныту;
- жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету;
- өз іс-әрекеттерімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сынға себеп бермеуге, сын үшін қудалауға жол бермеуге, кемшіліктерді жою және өз қызметін жақсарту үшін сындарлы сынды пайдалану;
- жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қызметкерлер мен өзге де тұлғалардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбау;
- шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;
- заңда тәртіптік, әкімшілік не қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу;
- ұйымда еңбек заңнамасының орындалуын қамтамасыз ету.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде:

- тұрақты негізде мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру жөнінде шаралар қабылдау;
- алушыларға мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы толық және анық ақпаратты қолжетімді нысанда ұсыну;
- көзделмеген құжаттарды талап етуге жол бермеу, сол сияқты мемлекеттік қызметтер көрсету барысында кез келген әуре-сарсаңға (бюрократияға) жол бермеу;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелеген кезде басшылыққа баяндау;
- мемлекеттік қызметтер көрсету үдерісінің, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде үнемділік пен тиімділіктің тұрақты жетілдірілуін қамтамасыз ету.

3. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде:

- Мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау;

- Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;
  - Мемлекеттік сатып алу үдерісінің ашықтығы мен анықтығын қамтамасыз ету;
  - сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу.
4. Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:
- басшыға қызметтік міндеттерін атқару кезінде мүдделер қақтығысының, жеке мүдделіліктің туындауы туралы, сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына көндіру және сыйлықтар алу туралы баяндау;
  - әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды адамдарға сыйлықтар бермеуге және лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып, мүліктік пайда, игілік не артықшылық алу үшін қызметтік емес қызметтер көрсетпеу;
  - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту;
  - егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына қатысса, жоғары тұрған басшылыққа жүгіну.
5. Қызметкерлерді іріктеу және орналастыру бойынша кадр жұмысын ұйымдастыру кезінде:
- жұмысқа қабылдау кезінде лауазымды тұлғаларға жүктелетін негізгі міндеттерді түсіндіру;
  - жұмысқа қабылдау кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау;
  - қызметкерлердің дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеу;
  - жұмысқа кандидаттардан еңбек шартын жасасу үшін қатысы жоқ құжаттарды талап етпеу;
6. Жұмыс саласының ерекшелігіне байланысты туындайтын өзге де қатынастар кезінде:
- бағынысты лауазымды тұлғалардың міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін нақты және анық айқындау;
  - бағыныстағы лауазымды адамдар арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеу;
  - олардың қызметінің нәтижелерін бағалау кезінде, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік таныту;

- бағынысты қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, дәрекілік, адамның қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік, дұрыс емес мінез-құлық фактілеріне жол бермеу;
- нақты орындалмайтын тапсырмаларды немесе олардың лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін тапсырмаларды бермеу;
- қарамағындағыларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу;
- әріптестердің өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша толық шараларды уақтылы қабылдау;
- мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, мүлікті қызметтік мақсатта ұтымды, тиімді пайдалану.

#### 7. Мүдделер қақтығысының алдын алу

Мүдделер қақтығысының алдын алу мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңдары жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар, оларға теңестірілген адамдар және лауазымды адамдар үшін бірқатар талаптарды көздейді.

- Мемлекеттік функцияларды орындаумен үйлеспейтін қызметті жүзеге асыруға өзінің жақындары атқаратын лауазымға тікелей бағыныстылықта болуға тыйым салынады
- сондай-ақ жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) және (немесе) жекжаттарының тікелей бағынысында болуы;
- ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты алу немесе алу мақсатында пайдалану мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар;
- жеке өзі немесе делдалдар арқылы оларды ұсынған адамдардың пайдасына материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер не іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін қызметтер алу;
- туыстарын бір біріне тікелей бағынатын немесе бақылаудағы жұмысқа қабылдау;
- әзірлеуге, талқылауға немесе шешім қабылдауға қатысу не мүдделер қақтығысын тудыратын шешімдерге өзге тәсілмен әсер ету

8. «Ойын бизнесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ұйғарымға жататын ойын мекемелерінде құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатыспау,

#### 9. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің профилактикасы:

- Комплаенс қызмет тоқсанына кемінде бір рет ашық деректерді және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тыйым

салынбаған өзге де ақпарат көздерін мүдделер қақтығысын анықтау тұрғысынан талдауды жүзеге асырады. Бұл ретте сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға уәкілеттік берілген жұмыскерлерге қызметкердің және оның отбасы мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты және жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) қызметкерлердің жеке деректеріне қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

- Жұмыскердің жеке деректеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету мемлекеттік құпиялар және өзге де құпия, ақпаратқа, дербес деректерге қол жеткізу және оларды қорғау туралы заңнама талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылуға тиіс.
- Мүдделер қақтығысы: сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы және ішкі талдау немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу кезінде анықталуы мүмкін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу жөніндегі мамандарға жылына бір, екі рет сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу ұсынылады. Талдау нәтижелері бірінші басшыға ол аяқталған сәттен бастап үш күн ішінде хабарланады. Әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылық белгілеріне жататын фактілер анықталған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес уәкілетті органдарға жеткізуге тиіс.